

**Шандақ ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 20 "Шандақ селолық округінің Мирное селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Шандақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 8 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 маусымда № 4873 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Шандақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шандақ ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 20 "Шандақ селолық округінің Мирное селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу тізілімінде № 9-20-125 тіркелген , 2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Мирное ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып Шандақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селосы", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша " селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық", деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК